Целесообразно дополнить вышеизложенную информацию следующими сведениями. Объединенная Европа является крупнейшим торговым партнером нашей страны. При этом Казахстан экспортирует товаров в страны Европейского Союза почти в 5 раз больше, чем импортирует оттуда. К примеру, ЕС остается крупнейшим торговым и инвестиционным партнером РК, за девять месяцев текущего года товарооборот составил 23,8 млрд долларов. В первой половине 2019 года объем прямых иностранных инвестиций, привлеченных из ЕС в РК, достиг 5,4 млрд. долларов.

В первую пятерку крупнейших европейских стран-импортеров казахстанской продукции входят: Италия, Нидерланды, Франция, Испания и Румыния. Поэтому сотрудничество с Европейским Союзом является одним из приоритетных направлений Казахстана в контексте глобализации рынков и интеграционных процессов.

*С уважением, главный редактор,
доктор политических наук,
профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
Нуртазина Р.А.*

XFTAP 17.71.91

Г.Т. Жиёмбаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zgulbahram@mail.ru)

Түркі қаһармандық эпостарындағы ат қою мотиві

Аңдатпа. Түркі халықтарының көптеген ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан бай фольклорлық мұрасында қаһармандық эпостардың алатын орны ерекше. Халқымыздың тарихымен ғана емес, елдік, ерлік, азаттық рухымен де тамырлас болып келетін қаһармандық эпостарда батырдың дүниеге келуі, ат қою, алғашқы ерлік, тұлпар таңдау т.б. көптеген мотивтер кездеседі. Аталған мақалада солардың бірі - батырға ат қою мотиві қарастырылады.

Түркі халықтарының бала дүниеге келгеннен кейін жасалатын маңызды шараларынан бірі – ат қою рәсімі. Бұл рәсімнің түркі халықтарының қаһармандық эпостарында алатын орны ерекше. Орта Азия және Сібір түркі халықтарының эпостарында ата-анасы, елі зарыға күтіп дүниеге келген балаға кез-келген ат қойылмайды. Эпостарда баланың есімі көбіне ерлігімен, жетістіктерімен байланысты болып келеді.

Түйін сөздер: ат қою мотиві, түркі халықтары, қаһармандық эпостар, батыр, ерлік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-129-4-54-60>

Есім – әлеуметтік тұлғаны ғана емес, мифологиялық күшті де білдіреді. Сол үшін де жаңа туған балаға кез келген бір есім берілмейді, берілген есімнің баланың келешегіне, мінез-құлқына, қоғам ішіндегі орнына және жеңістеріне ықпал ететін символдық ерекшелікке ие болуына үлкен ден қойылады. Ат қою рәсімін эпостардан, аңыздардан, этнографиялық-фольклорлық зерттеулерден көптеп кездестіруге болады.

Ерлік есім беру дәстүрі VII ғасырда тасқа қашап жазылған құнды мұрамыз Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде де кездеседі. Құтылығ қағанның кенже ұлы Күлтегін батыр он жасында ер есімін алады. Күлтегінге есімді отбасының қорғаушысы, тылсым күштің иесі Ұмай береді. Тылсым күш иелерінің көмегімен жаңа есім беру түсінігі Темучин туралы аңыздарда көрініс тапқан. Темучинге «Шыңғыс» есімін Көк Тәңір берген [1, 59 б.].

Түркілерде бала есімін тек алғашқы ерлігін көрсеткеннен кейін ғана ала алатын болған. Егер ерлік көрсетпесе есімсіз қалып, алғашқы есімін алып жүретін болған. «Қаһарманға ат қою ежелгі салт бойынша үлкен оқиғамен байланысты. Көне эпостарда кейіпкер өсе келе алғашқы ерлік жасағаннан кейін ғана оған рудың ақсақалдары, я болмаса желеп-жебеуші пірлері ат қойған» [2, 88 б.]. Батырға есім жаужүректілігі, қайсар, қайраттылығы, батылдығына қарай қойылған.

Батырлық жырлардың көне үлгісі болып саналатын «Оғызнама» эпосында Оғыз ханның өз есімін өзі қойғандығы белгілі. «Ол уақытта балаға бір жасқа толмай есім қойылмайтын. Қара хан баласы бір жасқа келгеннен кейін елді шақырып үлкен той жасайды. Хан той күні баласын алаңның ортасына әкеліп, бектерге «ұлым бір жасқа келді, оған қандай ат қоясыздар?», дейді. Бектер жауап берместен бұрын бала «менің атым Оғыз» дейді. Тойға келген үлкенді-кішілі халық баланың сөйлегеніне таң қалып «бала өзінің атын өзі қойды, бұдан артық ат болмайды, Оғыз болсын» [3, 38 б.] дейді. Бұл туралы Ә. Марғұлан «Оғыз бен қыпшақтарда, тағы басқа түркі тайпаларында ұлан белгілі сыннан өткенше, бірінші ерлік атын өзі көрсетпейінше – оған ат қойылмаған. Ол 12-14 жасқа дейін шартты атпен жүрген (Боқмұрын, Итпай т.б.). Оғыздың туа сала «өз атын өзі шақырды» деуі – осы бала туу арқылы ол өзінің ерлік атын бірден-ақ шығарды дегенді мегзеу» [4, 57 б.] деген тұжырым жасайды.

«Қорқыт ата» жырында ер балаларға ат қою әдетінен сөз қозғаған бөлімдер бар.

Түркілерде жас жігіт өзінің өнерін, қаһармандығын көрсетпей, есім ала алмайды. «Ол заманда ұл балаға бас кеспесе, қан төкпесе ат қойылмайтын еді» дейді [5, 26 б.]. Жігіт үшін есімсіз қалу төмендету, кемсіту болып саналған. Эпоста батырлар ат алу үшін бастарынан бір оқиға өтсе, кейде олар аңғармай да қалатын кездейсоқ жағдайларда ерлігіне байланысты ат қойылған. Мысалы, «Қорқыт ата» жырында Бұқаш хан аяқ астынан пайда болған қиындықты батылдығымен жеңіп ат алған болса, Ораз жігіттігін көрсету үшін әкесінен аң рәсімін өткізуді сұрайды. Дирсе ханның ұлы достарымен асық ойнап жүргенде сүзеген бір бұқа босап кетеді, басқалары тым-тырақай қашып кетсе де, Дирсе ханның ұлы қашпай жалғыз қалып, бұқамен төбелесіп, оны өлтіреді. Содан кейін оған осы ерлігіне байланысты Бұқаш деген есім беріледі [5, 27 б.]. Бұқаш деген есімнің қойылуы бір жағынан тотеммен байланысты да білдіреді. Қазақ эпосындағы Қобыланды батырдың есімі де анасының қабылан етіне жерік болуынан туындаса керек. «Қорқыт ата» жырында есімді Қорқыт ата қойса, «Оғыз қаған» эпосында Оғыз қаған қояды.

«Алпамыс батыр» жырының өзбек нұсқасында батырдың дүниеге келуіне себепші болған Шаһимардан пір батыр туар тумас келіп атын қойып, батырдың оң жақ иығына нысана қалдырады. Аталған эпизод ғажайып дүниеге келген батырға тойда әулиелердің ат беруі мотивіне мысал бола алады. Қаһармандық эпостарда ат қою көбіне ерлік жасағаннан кейін емес, дүниеге келгенінен кейін қойылып жатады. Алайда «Алпамыш батыр» эпосында пірлер Хакімбек атаған батыр жеті жасына келгенде атасынан қалған жан баласы көтеріп көрмеген он төрт батпан ауырлығындағы қола садақты көтеріп, оғын асқар тауға қарай атып, таудың төбесін ұшырады. Бұл садақты қолдану жер бетінде тек тоқсан батырға ғана нәсіп болған екен. Халық Хакімбекке осы ерлігіне байланысты «алып» дәрежесін береді. Аты да Алпамыш атанады. Батырдың атының Алпамыш болып өзгеруі жігіттік, ерлік көрсетіп ат алу мотивіне мысал бола алады. Батырдың жігіттік көрсетіп ат алуы оның сапарға шығуға дайын екендігін көрсетеді.

«Қобыланды батыр» жырының А. Байтабынұлы нұсқасында зарықтырып Ақмаңдай дүниеге бір ұл мен бір қыз әкелгеннен үш күннен кейін Қыдырбай той қылады. «Сәлдесі қара қазандай» молдалар баланың атын таба алмай отырғанда, Қыдырбайдың тоқсанға келген қойшысы түс көріп, тойға келеді. Қойшы: «Қобдада туған Қобыланды деген ер болсын» [6, 24 б.] деп батырдың атын қояды.

«Қобыланды батыр» жырының Е. Тілеумағамбетұлы нұсқасында балаға ат қоюға аузы иманды молдалар, аузы ұранды қожалар, ақсүйекті төрелер жиылып, «Қара қыпшақ Қобылан болсын» [6, 137 б.] деп атын қояды.

«Манас» эпосында Манасқа да ерекше жағдайда ат қойылады. Манасқа төрт пайғамбар ат қойып, артынан қонақтарға сый-сияпат жасалынып, той өткізіледі. Бұл жерде де балаға есім берген кісінің дәрежесінің жоғары, жасының да үлкендігіне мән беруге болады. Жалпы жасы үлкендердің ат қоюы исламға дейінгі эпостарда да кездеседі.

«Көрұғлы» жырында да батырға ат қойылуында мифологиялық көріністер орын алған. Қазақ нұсқаларында «Көрұғлы» есімі батырдың көрде туылуына байланысты қойылса, түрік нұсқаларында билеушілердің батырдың әкесін соқыр қылуына байланысты «Көрұғлы» лақап есімінің берілгендігі жырланады [7, 10 б.]. Мысалы, Р. Мәзқожаев нұсқасында шілтендер «Кеңесіп, ақылдасып бірлікпенен, баланың атын қойды Көрұғлы деп» жырланса, Ә. Жүргенбаев нұсқасында «Ғайып ерен мен қырық шілтендер жиналып, көрден туған Көрұғлы» деп қояды. Аталған мотив жайлы оңтүстік әзербайжан эпосында «әкесінің көзі соқыр болғандықтан, Көрұғлы атанды» делінеді. Қазақ нұсқаларында «Көрұғлы» есімін батырға Ғайып ерен қырық шілтен, Ғаусыл ағзам сияқты қиял-ғажайып жан иелері қояды.

Түркі халықтарының дәстүрінде есім адамның рухы саналатындықтан, батырға шамандар ат қоятын болған. Уақыт өте шамандардың орнын Ғайып ерен қырық шілтен, Қыдыр ата, Баба түкті шашты Әзиз сияқты пірлер басты. Алайда қазіргі таңда да шамандық

наным-сенімге ие түркі халықтарында батырға атты әлі де шамандар қояды.

Алтай эпостарында батырлардың балалық шақтарына көп тоқталынбайды. Сол себептен де ат қою рәсімін де көп кездестіре бермейміз. Алтай эпостарындағы батырлар туысынан жартылай Тәңір тектес болып келеді. Ат қою рәсімі белгілі бір жасқа келген, қаһармандығын көрсеткен батырларға тән болып келеді. Негізінен Алтай эпостарының ішінен «Маадай Қара», «Ақ Би», «Малчы Мерген» сияқты эпостардан ат қою мотивтерін кездестіреміз.

«Алтын Тайчы» шор эпосында жетпіс жасқа келген Ақ хан аңға шыққанда ұлды болады. Дүниеге келгенінен бір ай өткеннен кейін бала әкесінен өзіне ат қоюын сұрайды. Ақ хан халқын, бектерін шақырып үлкен той жасап, ұлына ат қоюларын сұрайды. Жиылған халық оған әдемі ат таба алмай әуреленеді. Халық тарқағаннан кейін бір ақсақал келіп, былай дейді: «Ақ ханның ұлына, Бурыл атты Алтын Тайчы десін! Бурыл ат шапқан қырда сулар азаймасын. Алтын Тайчы жүрген жерлерде, ел күн кемімесін. Күштілер сені кемсітпесін. Алыптар сені жеңбесін! Таңертең Тәңір Бурыл атты жіберсін. Киімдерімен қаруын Тәңір жіберсін» [8, 93-94 б.]. Ақсақал осы сөздерді айтқаннан кейін көзден ғайып болады.

Шорлардың «Ақ Қаған» эпосында баласыздық зарын тартқан Ақ Қағанға әйелі Алтын Арығ қайғысын жеңілдету үшін аңға шығуға кеңес береді. Ақ Қаған аңнан оралған кезде бір қыз бен бір ер балалы болады [8, 156 б.]. Біраз уақыт өткеннен кейін қыз бауырына «Әй, бауырым! Атаңның жасына дейін жүріп есіміңді қойғызбай қартаясың ба? Бүгін далаға шығып есіміңді қойдыр» [8, 156 б.], - дейді. «Мұны естіген анасы қырық бөлменің түбіне кіріп, ақымақ адам іше алмайтын ала сұр кесеге айран-қымыз толтырып балаға әкеліп береді» [8, 156 б.]. Бала ала кесені алып далаға шығады және көкті жарардай жаңғыртып: «Атымды қоятын адам алдыма келсін! Атымды қоя алмайтын адам жаныма жақындармасын» [8, 156 б.], - деп айқайлайды. Үш күн өткеннен кейін ақ теңіздің жағасынан ала қамысқа сүйенген қарт шығады. Қарт баланың жанына келіп: «Әй, Ақ Қағанның баласы, мына жиналған халықтан сенің атыңды қоятын адам шықпады ма? Мен есіміңді қойсам есімің алысқа бара ма!» [8, 156 б.], - дейді. Бала «Қарт, атымды қойып жібер. Ұлы адамның қойған аты нағыз ат деп естідім» [8, 156], - дейді. Баланың берген сусынын қарт бір демде бітіріп, сақалы ербиіп, мұрны ісігенше еліреді. Қарт «Есім болса есім болсын, есім болмаса жел алсын! Алдымен туған апаның есімін қояйын. Атасы Ақ Қаған, анасы Алтын Арығ аты Алтын Тана болсын! Астыңа мінген атың аттың жақсысы ақ қызыл ат болсын! Ақ қызыл аттың үстіне мінген төмендегі жердей күшті, жоғарыдағы көктей күшті Алтын Тана болсын!» [8, 156 б.], - деп алдымен қыздың атын қояды. Осыдан кейін қарт «Атасы Ақ Қаған, анасы Алтын Арығ, мінген аты ақ сұр ат болсын! Үстіне мінген жігіт Алтын Тайчы болсын. Ақ сұр аттың аспайтын асуы қалмасын, сен, Алтын Тайчының аспайтын асуы қалмасын» [8, 157 б.], -деп балаға ат қояды. Есімін қойғаннан кейін қарт адам есімін қойған батырға дұға қылып, бірден ғайып болады. Қарт адам батырға тек есім қана қоймайды, аты мен қару-жарағын да береді.

Алтайдың «Маадай Қара» қаһармандық эпосында да Көгүдей Мергенге ат бірден қойылмайды. Анасы Алтын Тарға Маадай Қараға «Оған әлі ат қоймадым, Атасының келуін күттім» [9, 371 б.], -дейді. Маадай Қара дұшпаннан қорғау үшін ұлын орманға тастап кеткеннен кейін баланың жанына Алтай иесі қарт кейуана келеді. Көгүдей Мергенге кейуана «Сен Маадай Қараның ұлысың /Өш алу сенің міндетің. / Мінетінің бағалы ат, / Мақтадан сұр желек. / Ер жігітсің сен / Атың Көгүдей Мерген. / Мінетін боз атың су рухынан жаралған, / Өзің Көгүдей Мерген / Тау рухынан жаралғансың» [64, 96 б.], -деп атын қояды. «Алтай иесі» кейуана баланы қараумен, оған есім мен мінетін ат берумен шектелмейді оның өсуіне, батыр болуына көмектеседі.

Алтайлардың «Малчи Мерген» эпосында алты құлақты аттың кедей шопан Малчыға «Малчи Мерген» есімін, өзіне де «қанатты қара ат» деген есімді қойғандығын көреміз [10, 237 б.]. Яғни «Малчи Мергенде» батырға да, өзіне де атты батырдың тұлпары қойғандығын

көруге болады.

«Ақ Би» эпосында Үш Курбустаннан сұрап алған баласы ер жеткен кезінде ата-анасы той жасайды. Әлі аты қойылмаған бала халыққа қарап өзіне сай ат қойған адамға құрмет көрсететінін, жаман ат қойғандардың бастарын шабатындығын айтады. Мұны естіген елдің балаға ат қоюға батылдары жете қоймайды. Балаға ат қойылмаған соң елде қиындықтар басталады. Бір уақыттар қартамыс бір әйел балаға ат қою үшін алдымен ақ қайың ағашына ақ шүберек байлайды. Толған ай болған күні балаға Алтын-Коо деген ат қояды, сонымен қатар мінетін атын да анықтап береді [10, 225 б.]. Алтын Коо қағанның баласы, оны Тәңір Үш Курбустан арқылы отбасына жіберген. Сол себептен де Алтын Коо есімін алған жігітке керемет сенімділік пен елді басқару ерекшелігі дариды. Сонымен қатар, балаға ат қойылмай тұрған кезде елде тынышсыздықтың жайылуы – мән берерлік жайт. Бұдан ат қою рәсімінің текті бір отбасы үшін қаншалықты маңызды екендігін көруге болады.

Тува эпосында Алдай-Буучу қартайған шағында туған баласына есім қою үшін той жасайды. Тойға жиылғандардан ешқайсысы да балаға ат қоя алмайды. Ең соңында 999 жастағы бір әйел келіп Алдай-Буучуның ұлына Хан-Шилги атты Хан-Буудай деген ат қояды [11, 222 б.].

Ежелгі сахаларда да балаға кішкентай кезінде қойылған есім нағыз есім ретінде саналмайтын болған. Нағыз есім садақ атып, жігіттік көрсеткеннен кейін ғана қойылатын болған. Қойылған есім жігіттің мінген атынын түсіне байланысты да берілген. «Қорқыт ата» жырындағы кей кейіпкерлердің есімдері мінген аттарының атымен бірге айтылады. Мысалы, «Қоңыр атты Қазан», «Боз айғырлы Бәйрек». Батырлардың аттарының есімдерімен бірге аталуы Алтай-Енисей эпостарында көптеп кездеседі.

Сонымен қатар, түркі эпостарында кейіпкерлерге есім қойған кезде мінетін атының да таңдалынуы, оған да ат қойылғандығын көреміз. Алдағы уақытта қандай батыр болатындығы берілген атына да байланысты болып келеді.

Тува эпостарында да балаға есімді көбіне ақсақалдар қояды. Сонымен қатар, тұлпардың да ат қойғандығын көреміз. Мысалы, «Ары-Хаан» эпосында ағаш қуысында туған бала мен оның атына көктен түскен Ақ Сарық атты кәрі ат үгіт-насихатын айтып ат қояды [12, 236 б.].

Шорлардың «Алтын Сырық» эпосында перзентсіз Алтын Қағанға үш жаратушының бала беруі, «Каратты Перген» эпосында тоғыз жаратушының ортаңғы әлемге түсіп Каратты Пергенге ат қойғандығы баяндалады [8, 240 б.]. «Алтын Сырық» эпосында Алтын Қағанға баланы да, баланың есімін де Тәңір береді.

Эпостарда батыр батырлығын дәлелдегеннен кейін ғана есім алады. Батырға қойылатын есім киелі болып келетіндіктен қасиетті, киелі пірлер тарапынан қойылады. Батырдың аты аса маңызды саналады. Ол атына заты сай болуы керек. Көптеген эпостарда батыр аты қойылысымен, алыс жолға аттанғандығын көреміз. Түркі эпостарында батырлық көрсеткеннен кейін немесе туғаннан кейін батырларға негізінен пірлер арқылы аты қойылады. Жаратушымен байланысы бар бұл тұлғалардың қойған аттары қасиетті деген пікір қалыптасқан. Ат адамның тағдырына да байланысты. Көне түркі сенімі бойынша ат адамның рухымен үндеседі.

Батыр өзінің ерлігімен батырлығын дәлелдеген соң немесе туғаннан кейін есім берілуі үшін көбіне ат қою рәсімі ұйымдастырылады. Рәсімге қатысқандардан жақсы ат берулерін сұрайды. Алайда ат негізінен кездейсоқ сол жерге келген қасиетті біреулер тарапынан қойылады. «Манас» эпосында Қарахан Манастың ұлы Семетейге ат қою үшін той жасайды және сол жердегілерден жақсы ат қоюларын сұрайды. Алайда жиналғандар ат қоюда қиналады. Сол кезде кездейсоқ пайда болған бір ақсақал Манастың ұлына Семетей деген ат қояды: «Елдің төрт тарапын жиып той жасады, / Қаныкейдің баласына атын қойсын деп / Сол жерге жиылған ақсақалды / Қара сақалға қарады, / Қара сақалды жігітке қарады,

/ Жігіт балаға қарады, / Бала жерді тесіп қарады, / Ат қоя алмады, / Олар үнсіз қалғанда, / Ақ боз атты, / Аса таяқ қолында, / Ақ сақалды бір кісі / Қара ханның алдына, / Жақындап келіп тұрды, / Ақсақал былай деді: Бұл баланың атын / Жиылған жұрты білмесе, / Мен атын қояйын! ...» [13, 623 б.].

Түркі қаһармандық эпостарында батырдың ең басты ерекшелігі – оның батылдығы, күштілігі. Эпостағы мотивтердің басым көпшілігінің осы ерекшеліктердің аясында ұйысып жатқандығын көруге болады. Эпостардан ақылды немесе қулығының арқасында ат алған батырды кездестірмейміз. Халық күткен, халық қалаған батырдың бойындағы ерекшелік ол әрине батырдың батылдығы мен керемет күші саналады.

Ат қою рәсімінің маңызы баланың әлеуметтік статусындағы өзгерістермен тікелей байланысты. Ат алған бала есейген болып саналады. Атсыз баланың рухы, мүмкіндігі, күші, маңызы жоқ саналады. Батыр атқа ие болу үшін аң аулауы, мергендігін көрсете білуі керек. Көне түркілердің дәстүрі бойынша баланың белгілі бір жасқа дейін атсыз немесе уақытша атпен жүргендігін, оған үлкен бір жетістікке жеткен кезде ғана есім берілгендігін көреміз. Эпостардан баланың көрсеткен ерлігі, жетістігі және берілген есімі арасындағы өзара байланысты байқауға болады.

Эпостарда батырлардың есімі түрлі жағдайларда қойылатынын байқадық. Атап айтар болсақ, батырдың аты кейде ашқан балға байланысты қойылады. Мысалы, қалмақ ханы қырғыздарда бір баланың дүниеге келетінін, оның өздеріне дұшпан болатынын, баланың есімінің Манас болатындығын алдын-ала бал ашып біледі. Кейде батыр болатын баланың есімі алақанында жазулы болып дүниеге келеді. Манас алақанында аты жазулы дүниеге келген. Өзіне ат қойылғаннан кейін алақанындағы есімі жоқ болып кетеді. Батырдың әкесі түс көріп аян алу арқылы көптен күткен, зарықтырған баласының дүниеге келетінін, әрі баланың есімін де біледі. Батырдың дүниеге келетіні жайында аян берген дәруіш, ақсақал, Қызыр сияқты демеуші күштер батырдың атын да қояды. Манас эпосының Жүсіп Мамай нұсқасында қалмақтардан құтқару үшін Манастың есімі Чон Жинди (Үлкен жынды) деп қойылады. Қазақ эпосындағы Қобыланды батырдың есімінің қойылуы да бір жағынан тотеммен байланысты білдіреді.

Орта Азия түркі халықтарының эпостарында қаһарманға есімді ғайып ерен қырық шілтен, ғаусыл ағзам т.б. сияқты қиял-ғажайып жан иелері қойса, Сібір түркі халықтарының эпостарында батырлардың әкесі мен анасы адамзат болғанымен қаһарман ерекше жағдайда, Тәңір қабатында өсетіндіктен есімдерінің де Тәңір тарапынан немесе ақсақал, кейуаның араласуымен қойылғандығы байқалады.

Түркі халықтарында баланы қорғау, әлеуметте жақсы адам болуы үшін жасалатын, туғаннан кейінгі маңызды шаралардың бірі ат қою рәсімін қаһармандық эпостардан көптеп кездестіре аламыз. Батырға есімнің қойылуы оның қоғамның тұлғасы болғандығын көрсетеді. Эпостардағы ат қою мотиві ежелгі салт бойынша үлкен оқиғалармен байланысты болып келеді. Батырлардың көбіне өсе келе, алғашқы ерліктерін жасағаннан кейін ғана атқа ие болғандығын, оларға есімді көбіне ру ақсақалдарының немесе ғайып ерен қырық шілтен сияқты көптеген желеп-жебеуші пірлердің, әулие-әмбиелердің ат қойғандықтарын көреміз. Көне сенім бойынша қойылған ат та батырдың ілгерідегі өміріне өз әсерін тигізетін болған.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбілғазы. Түрік шежіресі. / Әбілғазы – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 б.
2. Түркі халықтарының фольклоры. Құраст. Ш. Ибраев, С. Бахадырова, Б. Рахымов. – Көкшетау, 2009. – 432 б.
3. Ergin M. Oğuz Kağan Destanı. – İstanbul: MEB yayınları, 1972. – 391 s.
4. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. / Ә. Марғұлан – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
5. Қорқыт Ата кітабы / Құрастырған: Т. Қоңыратбаев, Б. Кәрібозұлы. – Астана: Фолиант, 2008. – 608 б.

6. Бабалар сөзі: жүзтомдық. Ред. С. Қосан. – Астана: Фолиант, 2006. - Т. 37. – 544 б.
7. Бабалар сөзі: Жүзтомдық / ред. Б. Әзібаева – Астана: Фолиант, 2008. – Т. 48. – 536 б.
8. Metin E. Şor Kahramanlık Destanları. – Ankara: Akçağ yayınları, 2006. – 488 s.
9. Salahaddin B. Maaday Kara Destanı. – Elazığ: Manas Yayıncılık, 2007. – 589 s.
10. Altay Destanları 1 / hzl. İ. Dilek. – Ankara: TDK yayınları, 2002. – 365 s.
11. Metin E., Aça M. Tıva kahramanlık destanları I. – Ankara: Akçağ yayınları, 2004. - 285 c.
12. Tuva Destanları. / hzl.: E. Arıkoğlu, B. Borbaanay. – Ankara: Öncü Basımevi, 2007. – 581 s.
13. Yıldız N. Manas Destanı (W. Radloff) ve Kırgız Kültürü İlgili Tespit ve Tahliller. – Ankara: TDK Yayınları, 1995. – 956 s.

Г.Т. Жиембаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Мотив инициации в тюркских героических эпосах

Аннотация. Особое место в богатом фольклорном наследии тюркских народов, сформировавшимся за многие века, занимают героические эпосы. В героических эпосах, которые отражают не только историю, но и дух государственности, героизма, свободы, встречаются такие мотивы, как рождение, инициация, первый подвиг батыра, выбор им коня и др. В данной статье рассматривается мотив инициации батыра.

Церемония инициации ребенка после его рождения является особо важной процедурой, и в тюркских героических эпосах она занимает особое место. В эпосах тюркских народов Центральной Азии и Сибири желанному, долгожданному родителями и народом ребенку не положено давать обычное имя. В эпосах имена таких детей связывают с подвигами и достижениями.

Ключевые слова: инициация, тюркские народы, героические эпосы, батыр, подвиг.

G.T. Zhiyembayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The motif of naming in Turkish heroic epics

Abstract. A special place in the rich folk heritage of the Turkic peoples, formed over many centuries, is occupied by heroic epics. In the heroic epics, which reflect not only the history but also the spirit of nationhood, heroism, freedom, there are such motifs as birth, initiation, the first feat, the selection of the horse of the warrior, etc. this article considers the motive of the initiation of the warrior.

The ceremony of initiation of the child after his birth is a particularly important procedure and in the Turkic heroic epics it occupies a special place. In the epics of the Turkic peoples of Central Asia and Siberia, the desired, long-awaited by parents and people child is not supposed to give the usual name. In epics, the names of such children are associated with their exploits and achievements.

Keywords: initiation, Turkic peoples, heroic epics, batyr, feat.

References

1. Abilgazi. Turik shezhiresi [Turkic chronicle], (Ana tilt, Almaty, 1992, 208 p.). [in Kazakh]
2. Turki halıktarının folklorı [The folklore of the Turkic peoples], Compiled by Sh.İbrayev, S. Bahadurova, B. Rahymov (Kokshetau, 2009, 432 p.). [in Kazakh]
3. Ergin M. Oğuz Kağan Destanı [The Saga Of Oguz Khan], (İstanbul, 1972, 391 p.).
4. Margulan A. Ezhelgi zhir-anızdar [Ancient lullaby-the legend], (Zhazushy, Almaty, 1985, 368 p.). [in Kazakh]

5. Korkyt Ata kitabı [The Book Korkyt Ata]. Compiled by T. Konyratbaiev, B. Karibozuly (Foliant, Astana, 2008, 608 p.). [in Kazakh]
6. Babalar sozi: Zhuz tomdyk [The word of ancestors: one hundred volumes]. Editor S. Kosan, Volume 37 (Foliant, Astana, 2006, 544 p.). [in Kazakh]
7. Babalar sözi: Jüztomdık [The word of ancestors: one hundred volumes], Editor B. Azibayeva, Volume 48, (Foliant, Astana, 2008, 536 p.). [in Kazakh]
8. Metin E. Shor Kahramanlık Destanları [Epics Of Shor Heroism], (Akçağ yayınları, Ankara, 2006, 488 p.). [in Turkish]
9. Salahaddin B. Maaday Kara Destanı [Maaday Kara Epic], (Manas Yayıncılık, Elazığ, 2007, 589 p.). [in Turkish]
10. Altay Destanları 1 [Altai Epics 1]. hzl. İ. Dilek (Ankara, 2002, 335 p.). [in Turkish]
11. Metin E., Aça M. Tıva kahramanlık destanları I [Tuva Heroic Epic I] (Ankara, 2004, 285 p.). [in Turkish]
12. Tuva Destanları [Tuva Legends],/hzl.: E. Arıkoğlu, B. Borbaanay. (Ankara, 2007, 581 p.). [in Turkish]
13. Yıldız N. Manas Destanı (W. Radloff) ve Kırgız Kültürü İlgili Tespit ve Tahliller [The Saga Of Manas (W. Radloff) and Kirghiz culture-related detections and assays], (Ankara, 1995, 956 p.). [in Turkish]

Автор туралы мәлімет:

Жиембаева Г.Т. – түркітану кафедрасының PhD докторы, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zhiyembayeva G.T. – PhD, senior lecturer of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.